

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Шығыс Қазақстан облысына зертханалық жабдықтар беру туралы хаттар алмасу нысанындағы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 13 қыркүйектегі № 677 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Шығыс Қазақстан облысына зертханалық жабдықтар беру туралы хаттар алмасу нысанындағы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Шырақпайұлы Қарашөкеевке Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Шығыс Қазақстан облысына зертханалық жабдықтар беру туралы хаттар алмасу нысанындағы келісімге қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Ә. Смайылов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2022 жылғы 13 қыркүйектегі
№ 677 қаулысымен
мақұлданған
Жоба

[Мәртебелі _____ мырза/ханым],

Мен Сіздің 2022 жылғы _____ № _____ мынадай мазмұндағы хатыңызды алғанымды растаймын:

"[Мәртебелі _____ мырза/ханым],

Осымен 2017 жылғы 8 маусымда қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы зертханалық жабдықтарды ұсыну туралы келісімге сәйкес достық консультациялар жолымен Тараптар төмендегілер туралы келіскенін Қытай Халық Республикасы Үкіметінің атынан растаймын:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің сұранымына сәйкес Қазақстан Республикасының Шығыс Қазақстан облысындағы сапа инспекциясы зертханасының жағдайларын жақсарту мақсатында Қытай Халық Республикасының Үкіметі сапа инспекциясы зертханасына 11,15 млн юань (сақтандыруды қоса алғанда) сомасына жабдықтар беруге келісім береді. Қытай тарапы жоғарыда көрсетілген жабдықтарды

межелі орын – Өскемен қаласына дейін тасымалдауға, сондай-ақ жабдықты орнату, баптау және пайдалану бойынша нұсқау беру үшін техникалық мамандар жіберуге жауапты болады.

2. Қазақстан тарапы зертхананың жобалау және әрлеу жұмысына жауапты болады, су, электр, желдету сияқты және т.б. жабдықтарды орнату және одан әрі пайдалану үшін қажетті жағдай жасайды, кедендік ресімдеу, қабылдау және жеткізілген жабдықтарды қоймаға сақтау мәселелерін шешеді және жоғарыда көрсетілген операциялармен байланысты шығыстарды өзі көтереді.

3. Тараптардың осы Келісімді іске асыруға жауапты құзыретті органдары:

Қазақстан тарапынан: Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі;

Қытай тарапынан: Қытай Халық Республикасының Коммерция министрлігі.

Жоғарыда көрсетілген жабдықтар келгеннен кейін Тараптардың құзыретті органдары сапасын, санын, параметрлерін бірлесіп растайды және Қабылдау-тапсыру актісіне қол қояды.

4. Жоғарыда көрсетілген жобаны іске асыру жөніндегі егжей-тегжейлі мәселелер Тараптардың құзыреті органдары арасында қосымша қол қойылған келісімшартта көзделетін болады.

5. Қазақстан Республикасының Үкіметі жоғарыда баяндалғанмен келіскен жағдайда осы хатты және [Мәртебелі _____ мырза/ханым], Сіздің жауап хатыңызды Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы зертханалық жабдықтарды беру туралы хаттар алмасу нысанындағы келісім деп санауды ұсынамын, ол Қазақстан тарапының оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді аяқтағаны туралы хабарламаны Қытай тарапы алған күннен бастап күшіне енеді.

Аса құрметпен,

Қытай Халық Республикасының

Қазақстан Республикасындағы

Төтенше және Өкілетті Елшісі

Чжан Сяо

Нұр-Сұлтан қ., 2022 жылғы " " _____".

Осымен Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан осы хат және [Мәртебелі _____ мырза/ханым], Сіздің хатыңыз Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы зертханалық жабдықтар беру туралы хаттар алмасу нысанындағы келісім болып табылатынын растаймын, ол оның күшіне енуі үшін қажет мемлекетішілік рәсімдерді Қазақстан тарапының аяқтағаны туралы хабарламаны Қытай тарапы алған күннен бастап күшіне енеді.

Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, [Мәртебелі _____ мырза/ханым] Өзіңізге деген зор құрметімді білдіргім келеді.

Нұр-Сұлтан қ., 2022 жылғы " " _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК